



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

24 маусым
сенбі

№50 (1957)

2023 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ЕЛМЕН КЕЗДЕСУ: Қаланы көркейтуде тұрғындар белсенділігі маңызды



Апта басында қала әкімі Асылбек Шәменовтің халықпен кездесуі Сәулет, КБИ, Мерей шағын ауданында жалғасты. Шет аймақ тұрғындарымен кездесуге қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев және тиісті сала басшылары барды. Шаһар басшысы ең алдымен Сәулет шағын ауданына барып, тұрғындармен кездесуде қалада атқарылып жатқан жұмыс барысын айтты. Сонымен қатар алдағы жоспармен бөлісіп, тұрғындардың ұсынысын тыңдауға дайын екенін білдірді.

Қала әкімі атап айтқандай, мемлекет басшысының қолдауымен республикалық бюджеттен қомақты қаржы бөлініп, өңірде ауқымды жобалар мен инфрақұрылымды дамыту жұмыстары жалғасын тауып келеді. Сонымен қатар қалада жол жөндеу, ауызсу, аяқсу, газ, жарық жеткізу секілді жұмыстарға жыл басында арналған 56 млрд теңге бөлінсе, бұл қазір 88 млрд теңгеге жеткен.

— Сәулет шағын ауданындағы 1800 орынға Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мектепті қосымша 550 орынға кеңейту үшін облыстық бюджеттен 738 млн теңге қаражат бөлінген. Қазіргі білім ұясында 4 мыңнан астам оқушы білім алады. Сонымен қатар мектеп алдындағы аулаға автотұрақ салып, көшеге жарық бағанасы орнатылады, — деді қала әкімі Асылбек Шәменов.

2 БЕТТЕ

ҚАЛА ӘКІМІ ТҰРҒЫНДАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Қала және оған қарасты кент, ауыл тұрғындарымен кездесуден соң шаһар басшысы Асылбек Шәменов қалалық мәслихат төрағасы, қалалық құқық қорғау салаларының басшыларымен бірге тұрғындарды жеке қабылдады.

Алдын ала жарияланған хабарлама бойынша қабылдауға келген тұрғындардың қарасы қалып. Олар өздерін толғандырған мәселе туралы тиісті сала басшыларына ашық жеткізуге мүмкіндік алды.

Қалада ел игілігі үшін атқарылып жатқан жұмыс жетерлік. Десе де қабылдауға келген жұртшылық көбіне шешімін таппай жүрген жеке мәселесі

төңірегінде жүгінді. Әкім қабылдауына келгендердің арасында жұмыссыз азаматтар, мүмкіндігі шектеулі жандар, көпбалалы аналар бар. Олар өз кезегінде жұмыссыздық жайын, жер алу, тұрғын үй кезегі сынды мәселе көтерді.


Қала әкімі Асылбек Шәменов тұрғындарды толғандырған сұрақтарға жауап беріп, мәселені шешуде тиісті сала

басшыларына тапсырма берді. Өз кезегінде құқық қорғау органдарының басшылары азаматтарға заң аясында түсіндірме жүргізді.

Тұрғындарды қабылдау барысында 100-ге жуық азаматтың өтініші қаралған. Ал қала әкімі Асылбек Шәменовке 82 тұрғын мәселесімен жүгінген.

«Ақмешіт-ақпарат»

2 БЕТТЕ



ТАЛАЙДЫ ТАМСАНДЫРҒАН — БЕЛКӨЛ!

Көненің көзіндей болған Белкөл кентін көрсек шежіре парақтарын ашып, өткен күндерге ойша шолу жасаймыз. Сондықтан кенттің тарихы жайлы бір-екі ауыз сөз қозғауды жөн көрдік. Себебі жылдар бедеріндегі тарих өрнегін кейінгі ұрпаққа мұрағаттау, таныту — біздің борышымыз. Кезінде теміржол стансасы болған айшықты жылдарымен есте қалатын кенттің кейінге мирас етер жылнамасын біреу білсе, біреу білмеуі мүмкін. Ең алғаш көпқабатты тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар осы жерде бой көтерген.

3 БЕТТЕ



«Ұстазды алыстан іздемедім»

Бойда бар талантты тану, таныту ерлікке пара-пар әрекет. Оған күш-жігер мен ақыл-білімнің қосар үлесі де зор. Сондықтан бөлар, қоғам таланттан таным биігін, сана тереңдігін күтеді. Сыр өңірінде осы өлшемге лайық азаматтың бірі — Нұрмат Мансұров. Айтыс өнеріне өзіндік өрнек қалдырған Сыр перзенті талай

додада ел абыройын асқақтатып келеді. Жуырда сан саланы бойына тоғыстырған өнерпазбен сұхбаттасып, түрлі тақырыпта ой бөлісудің сәті туды.

4 БЕТТЕ



Баспасөз-2023

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Баспасөзге 2023 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүріп жатыр.

Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!

Жекелер үшін 6 айға — 2500 теңге, мекемелер үшін — 3500 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.

ЕЛІМЕН КЕЗДЕСУ: Қаланы көркейтуде тұрғындар белсенділігі маңызды



Шаһар басшысының тұрғындармен кездесуі Қорқыт ата көшесінде жалғасын тапты.

— Қазіргі таңда Қорқыт ата көшесінен Жанқожа көшесіне өткел салу жұмыстары жоспарланып, шамамен 5 млрд теңге қарастырылуда. Алдағы уақытта жергілікті бюджеттен КБИ шағын ауданындағы 9 көшеге жол салынады. Айта кетейік, биыл 256 көшеге асфальт төселуде, оның 97 пайызы шет аймақ пен елді мекендер. Қалғаны — қала орталығындағы көше. Сонымен қатар аталған шағын аудандағы көшелерге ауызсу мен аяқсу жүргізу бойынша мамандар зерттеу жұмысын жүргізіп, оған облыстық бюджеттен қаражат бөлінген, — деді шаһар басшысы.

Бұдан бөлек, қаланы одан әрі дамытып көркейту мақсатында алдағы жылға 100 жоба қарастырылуда.

Шаһар басшысының кездесуі Мерей шағын ауданында жалғасты. Қала әкімі ұсыныс-пікірін тыңдап, айтылған мәселелердің бірге шешімін табатынын жеткізді.

Сондай-ақ Мерей шағын ауданындағы көпқабатты үйлерді жаңғырту жұмыстарына қаржы бөлу үшін халықтың келісімі керек

екенін айтты. Одан бөлек №211 мектепке жөндеу жұмысын жүргізуге, жоба-сметалық құжаты қайта қаралатынын жеткізді.

Мерей шағын ауданының ауласы, газон төсеу, тазалығы, инфрақұрылым, ойын алаңы назардан тыс қалмады.


Қала тұрғындарымен әр кездесуде шаһар басшысы қалада атқарылып жатқан жұмыстарды айта келіп: «Әрбір жұмыстың нәтижелі болуы, сіздердің қолдауларыңызбен жүзеге асуда. Әрине, әлі мәселе көп. Әрбір тұрғынның жанашырлығы маңызды. Сол үшін ел болып бірлесіп, қаламыздың көркеюіне атсалысқандарыңызға ризашылығымды білдіргім келеді», — деді.

Шаһар басшысымен кездесуге келген тұрғындар да өз кезегінде ұсыныстарын жеткізіп, шешімін тапса деген тілегін жеткізді.

Қала әкімі Асылбек Шәменов апта бойы қалаға қарасты елді мекен, шағын аудандарды аралап, елмен кездесіп, олардың мәселесін шешіп, ұсыныстарын назардан тыс қалдырмады. Кезек-кезеңімен орындалатын жұмыс барысын тиісті сала басшыларына тапсырып, өзі де жіті қадағалайтынын жеткізді.

Басы 1-бетте

Нәзира МҰҚАТАЕВА



ҚАЙТАРЫМСЫЗ ГРАНТТЫҢ ДА ҚАЙТАРЫМЫ БАР

Сонымен қатар 2022 жылы «Бизнес Бастау» жобасы бойынша мемлекеттік грантты оқу курстарынан өткен сертификаты бар 29 жасқа дейінгі жастарға, жұмыссыз, өзін-өзі жұмыспен қамтыған, атаулы көмек алатын аз қамтылған отбасы мүшелеріне, көпбалалы отбасыларға, қандастарға, асыраушысынан айырылған әрі әлеуметтік жәрдемақы алушылар, мүгедек бала тәрбиелеп отырған адамдарға және мүгедектігі бар тұлғаларға берілген. Сол кәсіпкерлікті дамыту жобасы бойынша 814 азамат жеңімпаз атанған. Оның 310-жастар.

Мемлекет тарапынан осындай қайтарымсыз гранттың беріліп жатқандығын естігенде, ең бірінші кәсіп ашуды емес, сол қыруар қаржыны алуға асығатындар бар. Алайда оның артында үлкен жауапкершіліктің тұрғанын ұмытып кететіндер де кездеседі. Әйтеуір грантты тұтынушылық мақсаттарға, кредиттік қарыздарды өтеуге,

жылжымайтын тұрғын үй сатып алуға және салуға, жер учаскелерін сатып алуға тағы сол сияқты басқа мақсатта алатындар бар - дейді мамандар.

Өткен жылы Жалағаш ауданының тұрғыны Айгүл есімді келіншек үйде отырып, сұлулық салонын ашу идеясымен мемлекеттен қайтарымсыз грант алу конкурсына қатысып, 300 мыңнан аса қаражат ұтып алған. Ол қаражатпен несиесін жапқан. Алайда тиісті мекемелер тарапынан тексеру жұмыстары жүріп, кәсіп ашпағаны үшін грант қаржысын мемлекетке қайтаруды талап еткен. Осындай қолайсыз жағдайда қалмас үшін қайтарымсыз гранттың қайтымы бар екенін есте сақтау керек. Сонымен қатар мемлекеттік грантты тек қажетті құрал-саймандарды, еңбек құралдарын, технологиялық жабдық, мал, құс, көшет, бұта, тұқым сатып алуға, орын-жайларды жалға алу ақысын төлеу мақсатында алуға болатындығын ескергеніміз жөн.

— 2023 жылдың жаңа бизнес идеяларын жүзеге асыруға мемлекеттік гранттар беру бағыты бойынша облыстық бюджеттен 380 адамға грант беру жоспарланған. Оған 524400 мың теңге қаржы бөлінген. Биылғы жылдың 1-легі бойынша 94 адамға мемлекеттік грант берілген. Ал екінші легі бойынша 95 адам ұтып алған. Барлығын қосқанда бизнес бастау идеясын жүзеге асыруға мемлекеттік грантты 189 адам жеңіп алған, — деді жұмыспен қамту орталығының заңгері Ислам Тұяқбай.

Қалалық жұмыспен қамту орталығының бастамасымен грант қаржысын басқа мақсатқа пайдаланғандарды сотқа бергенін де айта кеткен жөн.

— Жалпы барлық қаралған азаматтық істер-36, оның 14-і қанағаттандырылған, қалған 4-уі қанағаттандырудан бас тартылған, сот бойынша 18-і қаралуы үстінде, — дейді орталық заңгері.

Бұдан қайтарымсыз гранттың да қайтарымы бар екенін ұғынуға болады.

Н.АЛТЫН

МӘСЛИХАТ ТЫНЫСЫ

Осы аптада қалалық мәслихаттың кезекті IV сессиясы өтті. Оған депутаттардан бөлек қала әкімі А.Шәменовпен оның орынбасарлары және аппарат басшысы мен қалалық кірістер басқармасының басшысы, қалалық дербес бөлімдер мен мекеме басшылары, кент және ауылдық округ әкімдері, бұқаралық ақпарат құралы өкілдері қатысты.

Мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаевтың төрағалығымен өткен жиында қала әкімі Асылбек Шәменов атқарылып жатқан жұмыстарды саралап, депутаттардың сауалына жауап берді.

Сессияның күн тәртібінде қаладағы мүгедектігі бар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау бойынша жұмыстың барысы туралы қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Кенжегүл Құрақбаева баян етті.

Бөлім басшысының айтуынша, бүгінде қала бойынша 3715 бала психологиялық-педагогикалық кеңес есебіне алынған. Оның мектепке дейінгі жастағысы — 886, 501-і немесе 57 пайызы балабақшаға барады. Біліммен қамтылмай отырғаны — 386. Биыл қаладағы үйден оқытылатын мүгедектігі бар 500 балаға материалдық көмек беруге бюджеттен қаржы бөлініп, жұмыс атқарылууда.

Биыл мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында психоневрологиялық ауытқуы және тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды оңалту және тәрбиелеу бағытында «Алтай-Бөбек» қоғамдық қорымен шарт жасалып, мүгедектігі бар 35 балаға күндізгі стационар жағдайында және 20 балаға үйден әлеуметтік көмек көрсетілуде.

Білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, қаладағы 55 мектептің ішінен 48-не инклюзивті білім беруге жағдай жасалған.

— Мүгедектігі бар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау жұмысы кең көлемде атқарылып

жатқанына қарамастан, салада өзекті мәселе бар. Қаладағы 12 балабақшадағы ғимарат сыртында мүгедектерге арналған пандус та-

басшысы Гүлнар Баймаханованың баяндамасы тыңдалды.

— «2023-2025 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2022 жылғы 21 желтоқсандағы сессиясының шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізілмек. Қала бюджетінің кірісін облыстық бюджеттен бөлінген 5670162,6 мың теңге ағымдағы және даму

жасады.

Оның айтуынша, қазіргі таңда қалалық бағыттарда қолма-қол төлем 130 теңге және электрондық төлем 85 теңге көлемінде сараланған жолақы тарифін енгізу ұсынылған. Оны ұсынудың мақсаты — электрондық төлем жүйесін кеңінен енгізу, қалаішілік бағытта нақты тасымалданған жолаушы санын және тасымалдаушының шынайы



МӘСЕЛЕ НАЗАРҒА АЛЫНАДЫ

лапқа сай жасалмаған, шақыру белгісі, бағыттаушы жолағы жоқ. Тірек-қимыл жүйесі бұзылған азаматтарға 13 инва-таксидің 1-уі қызмет көрсетеді. 3715 мүмкіндігі шектеулі бала барын ескерсек, оларға қосымша инва-такси көлігі қажет.

Сонымен қатар жыл сайын психологиялық-медициналық-педагогикалық түзету кабинетінің қызметіне жүгінуші балалар санының артуына байланысты қаланың шет аумағынан дербес ғимараттан түзету кабинетін ашу қажеттігі туындап отыр, — деді бөлім басшысы.

Мұнан соң «2023-2025 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2022 жылғы 21 желтоқсандағы шешіміне өзгеріс енгізу туралы қалалық экономика және қаржы бөлімінің

нысаналы трисферті есебінен көбейту жоспарлануда. Қалалық бюджеттің түсімдерін 536462,9 мың теңгеге арттыруға жұмыс жасап жатырмыз, — деді қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы.

Қалалық жер комиссиясының құрамын және ережесін бекіту туралы қалалық ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы Ғабит Тобажанов мәлімдеді.

Сонымен қатар жолаушылар мен багажды қалалық (ауылдық) қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауда сараланатын тарифті белгілеуге келісім беру туралы қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Жеңісбек Файзуллаев баяндама

табысын анықтау, көлеңкелі кәсіпті болдырмау.

Күн тәртібіндегі соңғы мәселе «Қызылорда қаласына қарасты ауылдық округтердің көшелерін қайта атау және атау беру туралы» шешімнің жобасымен қалалық мәдениет және спорт бөлімінің басшысы Жағыпар Тажмаханов таныстырды.

Сессия барысында мүгедектігі бар балаларды қолдау мәселесіне орай құрылған уақытша комиссия жетекшісі Айгүл Мұсабаева жиында көтерілген мәселелердің әрбіріне талдау жасады. Көтерілген мәселелер өте өзекті болғандықтан, халық қалаушылары мәслихат шешімін бұйраудан мақұлдады.

Г. АСҚАРҚЫЗЫ

МАРАПАТ ҮШІН ЕҢБЕК ЕТПЕЙМІЗ

23 маусым жыл сайын Қазақстан полициясы күні ретінде аталып өтіледі. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары туралы» Заң 1992 жылдың 23 маусымда қабылданды. Бұл—Қазақстан полициясының қызметі мен міндетін айқындайтын алғашқы құқықтық акт. Жарлыққа сәйкес 2007 жылғы 5 маусымда, 23 маусым Полиция күні болып ресми түрде бекітілген.

Күні кеше әділдікті ту етіп, ел тыныштығы мен халықтың қауіпсіздігін сақтайтын, еліне адал қызмет атқаратын құқық қорғаушылар мерекесі аталып өтті. Ел қауіпсіздігі үшін аянбай қызмет ететін құқық қорғаушылар қашанда құрметке лайық. Кәсіби мерекеге орай қызмет барысында ерлікпен пара-пар еңбек етіп жүрген полиция қызметкері туралы жазғанды жөн көрдік. Бектұр Сатенов екі бірдей бүлдіршінді және карт кісіні өрттен аман алып қалған азамат.

Ол Қызылорда қалалық полиция басқармасының Жергілікті полиция қызметі бөлімінің патрульдік полиция батальоны саптық



бөлінісінің взвод командирі Бектұр Сатенов Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Тартоғай ауылында 1978 жылғы 9 маусымда дүниеге келген. 2009 жылдан бастап Қалалық Ішкі істер басқармасы патрульдік полицияның аға сержанты қызметін 2014 жылға дейін атқарған. 2015 жылғы лейтенант қызметкері болған. 2016 жылғы Б.Бисенов атындағы ҚР ПИМ Қарағанды академиясын бітірген. Қазіргі таңда Қызылорда қалалық Полиция басқармасының Жергілікті полиция қызметі бөлімінің патрульдік полиция батальоны саптық бөлінісінің взвод командирі қызметін атқарауда.

— 2009 жылдың қараша айында кешкі уақытта, қаланың орталық Әйтеке би көшесі 40 үй жанынан өтіп бара жатып, үйлердің бірінен өрт шығып, көмек сұраған дауысты естідім. Ойланбастан су құбыры арқылы екінші қабаттың балконына жылдам көтеріліп, пәтердің ішінен екі және бес жастағы кішкентай

бала мен екі карт кісіні құтқарды. Осы оқиғадан кейін 2010 жылы 7 мамырда «Ерлігі үшін» медальмен марапатталды. Одан бөлек, 2021 жылы «Жауынгерлік ерлігі үшін» деген медальді қарамағымдағы үш қызметкермен бірге алды. Қуанышымда шек болмады. Жалпы қандай оқиға болса да біз медаль алу үшін немес мақтасан екен деп жасамаймыз. Әр істің бағасын халық береді, біздің міндетіміз тұрғындардың тыныштығын сақтап, оқиға барысында адамды аман алып қалу. Тіпті қарамағымдағы жеке құрамға да, ең алдымен адамның амандығын ойлау керектігін үйретеміз. Қызметіміздің ауырлығына қарамастан мен әлі де өз мамандығымды жақсы көремін. Себебі бұл менің бала күннен армандаған мамандығым, — деді взвод командирі Бектұр Сатенов.

Н.ТАЛҒАТҚЫЗЫ

ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ ӨЗ НАН ЗАУЫТЫ БАР

Қалада кәсіпкерлік саласының түрленіп, өндіріске бет алғаны қуантады. Қазіргі таңда шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға мемлекет тарапынан да үлкен қолдау бар. Мұны жеті түсініктердің бірі және кәсіп ашса, бірі кәсіп аясын кеңейтіп, өз істерін өркендетіп келеді.

Бірнеше жылдан бері кәсіпкерлікке бет бұрып, бүгінде оның аясын кеңейткен өндіріс ошағының бірі — «Ақжелең» ЖК. Жаңа өндіріс ошағының жұмысымен таныстыру мақсатында Өңірлік коммуникациялар қызметі журналистерге көшпелі брифинг ұйымдастырды.

«Ақжелең» жеке кәсіпкерлігі 2018 жылы ашылған. Содан бері нан өнімдерін пісірумен айналысатын кәсіпкер Азамат Мәдениетұлы биыл кәсіп аясын кеңейтуді көздейді. Осылайша мемлекет берген мүмкіндікті пайдаланып, нан зауытын ашқан. Бүгінде бұл зауытта күніне 10 тонна яғни, 20 мың дана нан өнімі пісіріледі.

— Бес жыл көлемінде жеке кәсіпкерлікпен айналысып, қала тұрғындарын нан өнімдерімен қамтамасыз етудеміз. Сұраныс артқан сайын кәсіп аясын кеңейту қажеттілігі туындайды. Осы мақсатта биыл «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту



Ұлттық жоба аясында субсидиялау бағыты бойынша «Даму кәсіпкерлікті қолдау қоры» арқылы 185 миллион теңге несие алды. Наубайхананың жалпы құны 400 миллион теңгеге құрайды. Тиісті қаражаттың 215 миллион теңгесін жеке қаржымыздан шығардық осылайша нан зауытын іске қостық. Қазіргі таңда наубайханаға қажетті заманауи құрал-жабдықтар толық қамтылған. Сонымен қатар 70 адамды тұрақты жұмыспен қамтудамыз, — дейді кәсіпкер бізбен әңгімесінде.

Кәсіптің өркендеуіне өз ісін білетін маманның да үлесі зор. Бұл ретте «Ақжелең» жеке кәсіпкерлігі тиісті мамандармен қамтылған.

— Зауытта тәулігіне 10 тонна нан пісіріледі. Наубайханадағы қызметкерлердің бәрі өз ісін білетін мамандар. Екі ауысыммен жұмыс істейміз. Өнімдер күнделікті қаладағы әлеуметтік дүкендерге және келісімшартқа отырған кәсіпкерлерге жеткізіледі. Сондай-ақ наннан өзге де кондитерлік тағамдар да сатылымға шығарылады, — дейді зауыт технология Фарида Саменова.

Еңбек етсең, кәсіптің ыстық-суығына төзе білсең нәтижесін көп ұзамай көресің. Ал оны іске асыруда мемлекеттік бағдарламалар мен кәсіпкерлерге берілетін жеңілдіктің пайдасы зор.

А.СЕЙІЛ

Басы 1-бетте

Неге Белкөл атанған?

Белкөл атауына байланысты түрлі дерек айтылады. Ел аузында айтылған түрлі дерекке мән берсек, кент аумағы бірыңғай құм болғаннан кейін халық ырымдап алдағы уақытта су мол болсын, көгерсін, өнсін, көбейсін белден көл болсын деген ниетпен «Белкөл» деп атағаны айтылады.

Ал тағы бір мәліметте Белкөл атауы бел – «асу, кезен», «аласа асу» мәніндегі географиялық термин есебінде айтылған. Бұл жайтты ескерер болсақ, Белкөл атауы «бел, асу» астындағы, «белді асқан жердегі көл» деген мағынаны білдіреді. Егер бел сөзінің қосымша мағынаға да ие екенін еске алсақ, Белкөл—басты, негізгі, ең үлкен көл» деген мағынаға да ие деп аталған көрінеді.

Бірқазан...

Белкөл кентіне қарасты Бірқазан стансасы атауының шығу тарихы жайлы деректі Сағат Жүсіптің мақаласынан алдық. Автордың айтуынша, стансаның ашылуына үлкен орыс шенеунігі келсе керек. Ол кезде бұл стансаның маңы айдыны шалқыған көлі көп, ұшып-конған қаңқылдаған қаз-үйректі мекен екен. Көп құстың арасында алыстан ерекше әдемілігімен, сұлулығымен, ірілігімен көзге түскен, бұрын-соңды мұндай құсты бірінші көрген шенеунік «бұл кандай құс?» деп сұраған көрінеді. «Бірқазан» деген жауап алған шенеунік «олай болса, осы стансаның аты да Бірқазан болсын» депті.

Елді мекен одан көп жылдар бұрын да осылай аталып келгеніне күмәніміз жоқ. Оған орыс зерттеушілері мен әскери адамдардың күнделіктері, олардың Петербургке жазған қатынас хаттары мен жолдамаларында, одан бұрын ата-бабаларымыз сауда жасап, осы маңмен жүрген керуен жолдардың атаулары жайлы әңгімелерінде, жазбаларда Бірқазан атауының болғаны дәлел.

Кенес дәуірінің өзінде бұл қасиетті мекенде өндіріс өркендеп, кент кемелденген. Кемелденген дейтінім, алғашқы көпқабатты зәулім үйлер осы жерде бой көтерген. Жаңалықтың жаршысындай мұндағы «Әсем» тігін және тоқыма бұйымдары фабрикасы бөлімшесі, аяккіім тігу цехы, облыс өнеркәсібінің өркендеуіне өзіндік өрнегін қалдырған.

Жаңа заман лебі

Бүгінде Белкөл – жанарып, халқы көбейіп, өз кәсіптерінің игілігін көріп, табыс көзін ұлғайтып, жасқылыққа жанашыр болып отырған кенттің бірі. Кенттің жер көлемі 5378 гектарды құрайды. Кентке қарайтын Бірқазан, Көкжиде елді мекендері бар. Халық саны 4758 болса, экономикалық белсенді халық саны 2272 адамды құрап отыр. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны – 450.

Кенттің экономикасын дамытып, салық тайқазанын тасытып отырған 361 шағын кәсіпкерлік нысан бар. Олардың қатарында 2 акционерлік қоғам, 39 жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 294 дара кәсіпкерлер, 24 шаруа қожалық, 2 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі бар. Бюджет бүйірін толтырып, белкөлдіктерді жұмыспен қамтып отырған кәсіп иелерінің жұмысы қарқынды.

Биылғы жылдың қаңтар-маусым айлары аралығында 71 кәсіпкерлік нысаны тіркеліп, 71 тұрақты жұмыс орны ашылды.

Мемлекеттік бағдарлама өз бақытын кәсіптен тапқан тұрғындар үшін өте оңтайлы. Себебі қазір кәсіп иелері үшін мемлекет пайызы төмен несие беріп, олардың құлашын кеңге жайып, дамуына жәрдемдесумен келеді. Мемлекет тарапынан қолдауға ие болған кәсіпкерлер өз бизнесінің көсегесін көгертіп, елдің қажетін өтеп отыр. Былтыр «Микробизнес-Қызылорда» Өңірлік инвестиция орталығы микроқаржы ұйымы арқылы жалпы құны 28 млн теңгені құрайтын 3 жобаны қаржыландырған.


Сонымен қатар «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы құны 5 млн теңгені құрайтын 1 жоба, «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» аясында 99,2 млн теңгені құрайтын 9 жоба қолдау тапқан.

– Өткен жылы «Бизнес-Бастау» оқу курсы аясында 23 адам оқу курсынан аяқтап, жаңа бизнес идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грант бойынша 20 тұрғын грант иегері атанды. Биылғы жылдың қаңтар-маусым айлары аралығында «Бизнес-Бастау» бағдарламасымен 21 тұрғын оқу курсынан аяқтап, қайтарымсыз грантка өтініш берсе, 1-ші лек бойынша 4 тұрғын грант жеңімпазы атанды. Сондай-ақ Өңірлік инвестиция орталығы арқылы жеке кәсіпкер «Майра Ізбасқанова» кір сабын шығару жобасының құрал-жабдығына 4 млн теңге алса, «Ауыл аманаты» жобасы аясында жалпы құны 179,5 млн теңгені құрайтын 25 жобаның құжаты жинақталуда. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы жеке кәсіпкер «Еңбек Қонақбаев» жүк тасымалы жобасына – 6 млн теңге, Ақсәуле Ақдәулетова 2,5% жастарға берілетін 2,1 млн теңге көлемінде жеңілдетілген несиеге қол жеткізді. Ұлттық жоба аясында жеке кәсіпкер «Мұбарқов» айналым қаражатын толықтыруға 2-ші деңгейлі банктер арқылы 20 млн теңге несие алды. Осылайша ауылдың гүлденіп, кәсіпкерлік саласының өркендеуіне мұндағы кәсіп иелері оң ықпалын тигізіп, қоппалалы және қолдауды қажет ететін отбасыларына қайырымдылық шарасын да үзбей жасауда, – дейді кент әкімі Жасұлан Сәду.

Спорт – саулық кепілі

Кентте бұқаралық спорт түрлері жақсы дамып келеді. 4 ойын, 1 футбол алаңы, 1 жаттығу орны, Бірқазан елді мекенінде 1 футбол алаңы, спорт сауықтыру кешені бар. Спорт сауықтыру кешенін 2019 жылы жеке кәсіпкер Руслан Алматов мемлекеттік бағдарлама арқылы несие алып, салған еді. Белкөлге көрік беріп тұрған зәулім ғимаратта бүгінде еркін күрес, джио джитсу, қазақша күрес, дзюдо, каратэ, үстел теннисі, шахмат түрлерінен үйірме өткізіледі. Оған 250-ден астам бала қатысып, спортпен шұғылданып, жарыстарға қатысып, жүлделі орындарды иемденіп жүр. Жеке кәсіпкер Сауенова «Бизнестің жол картасы-2025» жобасымен екінші деңгейлі банктен 30 млн теңгеге спорт кешені жанынан футбол алаңы құрылысын жүргізді. Белкөлдік балалар ғана емес, ересектер де бос уақыттарында осында келіп жаттығып, спортпен айналысады.

Басы 1-бетте



Көп игілігі – көпір

Биыл белкөлдіктердің көптен күткен жаңалығы – теміржол үстінен өтетін жаяу жүргіншілерге арналған көпір пайдалануға берілді. Оның ұзындығы – 108 метр, биіктігі – 8 метр, ені – 2 метр. Жоба құны – 225,2 млн теңгені құрайды. «Golden City DS» ЖШС мердігер мекемесі белкөлдіктерге сапалы көпір салып, бүгінде оның игілігін жергілікті тұрғындар көруде.

Сонымен қатар жасөспірімдердің тәрбиесінде үгіт-насихат жұмыстарын жандандырудың маңыздылығын ескеріп, көшелерге нақыл сөздер жазылған билбордтар ілінген. Кіреберіс кенттің табылдырығы секілді. Қазақта «Табыл-дырығына табын» деген киелі сөз бар. Кенттің кіреберіс қақпасына оның «Төлқұжаты» тұғырланыпты.

Кітапхана – жан азығы

Белкөл кентінде орналасқан №14 кітапхана 2007 жылы құрылған.

Кітап қоры – 12774 дана, оның ішінде қазақ тілінде – 8474 дана кітап бар. Оқырмандар саны 956-ны құрайды. Кітапхана жаңа технологиямен жабдықталған. Интернет желісіне қосылған. Интернет пайдаланушылар саны күн санап өсуде. 2022 жылы сандық форматқа 10 кітап /2567 бет/, бүгінгі күнге дейін 29 кітап /5614 бет/ көшірілді. Кітап оқушылар қатары күннен-күнге көбейіп келеді. Ғаламтор-ды пайдаланушыларға да көмек беріледі. Кітапсүйер қауыммен түрлі салтанатты кештер мен конференциялар өткізіліп тұрады.

Тектілердің мекені

Бұл киелі жердің топырағынан республикаға танымал, қазақ-кеңес тарихшысы, тарих ғылымының докторы, профессор, белгілі азамат Тәжен Елеуов, Қазақстанның мемлекет қайраткері, Қазақстанның сыртқы істер министрі, Қазақ Совет энциклопедиясын құрастырушылардың бірі болған профессор Мүсілім Базарбай, Кәкім Әбдіқадыров секілді тұғырлы тұлғалар өсіп-өнген. Кәкім Әбдіқадыров Сыр өңірінен шыққан 21 батырдың ішінен III дәрежелі «Даңқ» орденінің иегері атанған. Елге келген соң теміржол саласында жұмыс істеп, «Құрметті құрылысшы» атағын алған. №12 «Белкөл» бекетінде 30 жылдан астам монтер болған. «Урицкий» елді мекенін жаудан азат еткені және ұрыста көрсеткен ерлігі мен батылдығы үшін III дәрежелі «Даңқ» орденімен наградалды. Ленинградты жаудан азат ету шайқасында көрсеткен ерлігі үшін II дәрежелі «Даңқ» орденін алды. Ал I дәрежелі «Даңқ» ордені Венгрия мен Чехословакияны неміс басқыншыларынан азат ету ұрыстарында жасалған ерлігі үшін берілді.

Тектілердің ізін жалғап, кенттің даңқын шығарып жүрген қазіргі замандастарымызбен де мақтана аламыз. Мысалы, Елена Рыбина Белкөл кентінде дүниеге келген. Еленаны ата-анасы Белкөл кентіндегі №198 орта мектебінің орыс сыныбына береді. Соған қарамастан ол Қадыр Мырзалиевтің «Қазақ осы», Әбділла Тәжібаев пен Мағжан Жұмабаевтың шығармаларын сүйіп оқиды. Тіпті өзге ұлт өкілдері арасында мемлекеттік тілді жетік меңгерген жастарға арналған байқауларға қатысып, жүлделі орын алады. Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың Жаратылыстану факультетінің қазақ тобына қабылданып, оны үздік тәмамдап шығады. Мұнан соң «ҚоғамТВ» телеарнасында диктор болып жұмыс істейді.

Бүгінде Елена Назарбаев Зияткерлік мектебінде жұмыс істейді. Орыс, қазақ тілдерін ана тілі санайтын ол енді ағылшын тілін меңгеруде.

Нұрлан Жақыпбеков десе жұртшылық елең ете қалады. Бұл есім бізге етене таныс. Нұрлан Жанақұлұлы телевизия саласында қызмет атқарды. 1987 жылы дүниеге келген. Ол Белкөлдегі №189 мектепті үздік бітірген. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің филология факультетін журналистика мамандығы бойынша тәмамдаған. Педагогика ғылымдарының магистрі, Қазақстан журналистер одағының мүшесі.

Еңбек жолын студент кезінде Қызылорда қаласындағы «Қоғам ТВ» телеарнасынан бастады. Әуелгіде «Спорт әлемі», «Ұйқышар», «Мезгіл мәселесі» хабарларының авторы әрі жүргізушісі ретінде танылды. Сондай-ақ «Жаңалықтар» бөлімінде редактор қызметін атқарып, арнаның басты ақпараттық-сараптамалық «Аптаның алты ауызы» бағдарламасының авторы әрі жүргізушісі болды. Журналистік жолы «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасында жалғасып, «Жаңалықтар» бөлімінің редактор-сараптаушы қызметін атқарды. Облыстың төл арнасындағы «Үштаған» ақпаратты-сараптау бағдарламасының редакторы әрі жүргізушісі болған кезде аймақтың айшықты жаңалықтарымен қатар өзекті мәселелердің де шешімін табуға ықпал етті. «Қазақстан» Ұлттық арнасы ұйымдастырған байқауда Нұрлан Жақыпбековтың авторлығымен дайындалған «Үштаған» хабары кооперацияға қарасты аймақтық телеарналар ішінен үздік деп танылып, I-ші орын иеленген. Белгілі журналист С.Бермағанбетов атындағы байқаудың бас жүлдегері. Қазіргі уақытта «Хабар» агенттігіне қарасты «Хабар» және «Хабар 24» телеарналарының Қызылорда облысындағы меншікті тілшісі қызметін атқарып келеді.

Қай саланың да майталманы болу әркімнің арманы. Нұрболат Нұржаубайұлы туған қаламыздың ерекше сәттерін суретке түсіріп, құрметке бөленіп жүр. Кәсіпқой фотографтың түсірген суреттері көрмеге қойылып, қала көшелеріндегі билбордқа ілінген. Ол 1987 жылы Белкөл кентінде дүниеге келген. Кенттегі №189 орта мектеп түлегі. 2008-2012 жылы қала әкімдігі баспасөз қызметінде теле-оператор болып еңбек еткен.

2012-2015 жылдар аралығында «Қызылорда медиа» ЖШС-на қарасты «Ақмешіт апталығы» газетінде фототілші, 2015 жылдың қаңтар айынан бері «Сыр медиа» ЖШС-да фототілші қызметінде.

Нұрболат бірнеше рет облыс, қала әкімдігінің Алғыс хатымен, дипломымен марапатталған. «Халық алғысы» медалінің иегері. Журналистер одағының мүшесі.

Тарихы тереңнен тін тартқан Белкөл кентінің шыққан белестері биік, алған асулары көп. Азаматтары ардақты, жасаған жұмыстары салмақты Белкөл кентімен қалай мақтансақ та жарасымды.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА



Қоғамда пагон тағу ер азаматқа тән деген ұғым мүлдем өзгерген.

Өйткені барлық салада әйелдер ерлермен иық түйістіріп еңбек етіп келеді. Соның ішінде, қылмыстық атқару жүйесінде абыройлы еңбек етіп, отбасына ерекше көңіл бөліп, көпбалалы ана атану ерлікпен пара-пар.

Осы орайда Қызылорда облысы ҚАЖД-ға қарасты №68 мемлекеттік мекемесінде

ПАГОН ТАҚҚАН НӘЗІК ЖАНДАР

қызмет пен отбасын қатар алып жүрген погондағы аналар – Омарова Салтанат Темірланқызы мен Ахметова Әйгерім Сейілханқызы.

Салтанат Омарова 2008 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетін тәмамдаған соң, ЗК-169/4 Тартоғай елді мекеніндегі қоныс колониясының «Арнайы есепке алу» бөліміне жұмысқа орналасқан.

Сол уақыттан бері 15 жыл ҚАЖ саласында еңбек етіп жүрген өз ісінің жауапты да, іскер маманы.

– Түзеу мекемесінде қызмет атқарғаныма болашақ жарым қарсы болған жоқ. Ерте кетіп, кеш келетін талабы жоғары қызметіме түсіністікпен қарайды.

2009 жылдан бері осы мекемеде жұмыс істеп келемін. Негізгі міндетім – мекеме қамауындағыларға әкелінген сәлем-сауқаттарды жіті тексеру.

Таңғы сегізден кешкі алтыға дейін күніне кем

дегенде 100-ге жуық сәлем-сауқат қабылданады. Тікемнен тік тұрып, әр келген заттың бірін кесіп, бірін ашып, ыстық тағамдарды басқа ыдысқа аударып, ішке алып өтуге тыйым салынған заттың өтіп кетпеуін қадағалаймын. Қатық пен сусындарға дейін арнайы темір құрылғымен мұқият тексеріп, ішке өткіземіз. Жұмыс барысы физикалық та, моральдік жағынан да денеге күш, санаға салмақ салады.

Әйтсе де бұл шаршаудың бәрін үйге барғанда ұмытып кетемін. Өйткені отбасыма қамқор жарым, сүйкімді ұл-қыздарым бар. Қызметімнің қиындығы бақытты болуға әсер етпейді. Қайта ҚАЖ қызметкері ретінде, иығымдағы погонның салмағын сезініп, өзгелерге үлгі берер тұлға болуға талпынып келемін дейді, РЖКБ-нің әділет старшинасы С.Омарова.

Ал «Арнайы есепке алу» бөлімінің есеп техника Ахметова Айгерім қызметтегі жас ананың бірі. Ол жарты



Берік Қазбековпен осы салада 7 жылдан астам уақыттан бері қызмет атқарып келеді.

Кезінде екеуі «Арнайы есепке алу» бөлімінде бірге жұмыс істеген. Оларды табыстырған тегеурінді тергеу изоляторындағы қызмет барысы болатын. Әдепті Әйгерімнің әдемі әлемін таныған Берік өмірлік серігі болуға ұсыныс жасаған. Бүгінде үш баланы тәрбиелеп отырған жас ана отбасы мен қызметінде үлгілі жан.

– Істі болғандардың іс-қағаздарымен жұмыс істеу аса жауапкершілікті талап етеді. Кей күндері ерте келіп, кеш кетесін. Ондай сәтте үйдегі балаларыма қамқор болып отырған енем менің жоқтығымды білдірмейді.

Жұмыстан кеш барсам да үй шаруасын тындырып, отбасыма көңіл бөлемін. Ұлттық дәстүрімізге сай кішіпейілділік таныту, әйелге тән нәзіктігімді сақтап жүруге иығымдағы пагон әсерін тигізбейді. Қайта пагон салмағы ауырлаған сайын, кәдірім артып келеді – дейді Әділет аға сержанты Әйгерім Сейілханқызы.

Иә, шынында да аға сержант өз ісінің білікті маманы. Қылмыстық атқару комитеті мен Полиция басқармасы және ҚАЖ департаменті тарапынан бірнеше алғыс хаттармен марапатталған. Көркем мінезімен ұжымдағы әріптестеріне, жақындарына сыйлы жан.

«Ұстазды алыстан іздемедім»



– Нұрмат Абдоллаұлы, сізді жұртшылық дарынды ақын, қарымды журналист, іскер басшы ретінде таниды. Аймақтың рухани-мәдени әлеуетіне қосқан үлестіңіз де мол. Осы орайда өңгімеізді бекзат өнерді таңдау тарихыңыздан бастасاق...

– Өркім ақындық жолға әркімді жолмен келеді. Менің тағдыр-талайыма бұл бақыт әулетімнен дарыған секілді. Себебі ақындық қанымда бар. Мансұр атам сөз қонған дарын еді. Өз ағаларым да өнерден кенде болмады. Мысалы, қара шанырақтағы Бағдат Есназаров деген ағам елге белгілі ақын. Сөз додасында алдына қара салмай, зиялы қауымның көзіне түсті. Ақындардың қаласына айналған Алматыдан тәуір қызмет, жақсы жалақы да ұсынған сәттері болған екен, Дегенмен тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы тұрмыс ахуалы ауылға байлап, аға тұған өңірде қалды. Сондықтан ақындық өнерді таңдауыма көрген өнеге тұрткі болды.

Балакезімненайтысқақұмарттым. Ауылдағы ақсақалдармен бірге айтыс тамашалауға ынтам ауып, ойын баласы болсам да ойлы азаматтарға жакын өстім. Ұстазды да алыстан іздегенім жоқ. Бағдат ағамның өлең-жыр жаттатып, өнеге беруі өрісімді кеңейтті. Шайтұрсын Әбдібаев, Жұмабек Әлиев, Дүйсенбек Аяшұлы, Шаһизада Әбдікәрімов секілді ағалардың ықылас-пейілі, жол көрсетуі де сеп болғаны анық. Өрине, бірден жолға түсіп, жосылып кеттім демеймін, жанашыр жақсы адамдардың ақыл-кеңесімен бағыт түзегеніміз рас.

– Сонғы уақытта айтыс өнерін жаттанды ой, келісімді сөздің ортасына айналып бара жатыр деген пікір бар. Осы орайда бүгінгі айтыс шынайы суырыпсалма өнер ретінде құнын жоғалттып бара жатыр деп ойламайсыз ба?

– Шыны керек, мұндай әңгіменің бары рас. Расында, сурыпсалма айтыс – ең құнды ақындық қасиет. Суырыпсалмалық дәстүрін ұстану маңдайға біткен бақпен тең. Ақын болып танылу айтыспен егіз, екеуі қатар дамыған, бірінсіз бірі жоқ. Бұл халқымыздың тұрақты баспасы, мектебі жоқ көшпелі өміріне сәйкес орнығып қалыптасқан. Кезінде айтыс ақындарының бас қосып, шаршы топ алдында сөз бәсекесіне, өлең жарысына түсуі көпшіліктің көңіл көтерер нысанынаайналған. Мұның небір тамаша үлгілері көптеген айтысты мысалға келтіруге болады.

Айтыс «тірі өнер» болғандықтан, халық шаппа-шап сөз барымтасын көргісі келеді. Мұндай талап пен талғам орынды екен анық. Дегенмен әр ақынның әлеуеті сан түрлі. Бірі бұл тұрғыда алға оза, бірінде бұл қасиет кемшін.

Басы 1-бетте

Алайда суырыпсалма деңгей ақынды аласартпауы тиіс. Арнайы дайындалып айтылған сөздің де мән-маңызы жоғары. Алдын ала өлшенген ой суырыпсалма сөзден жинақы әрі толымды болуы да ықтимал. Сондықтан айтыскердің қалай айтқанына емес, не айтқанына мән беру қажет. Бастысы – өз сөзі болса, жеткілікті.

Мұны айтыс тек дайын сөзге құралады деп түсіну қате. Айтыскерлер арасында таза таланттар баршылық. Суырыпсалма айтыстың да, дайын сөз орайын да орайын қиыстыратын өнерпаздар көп. Әсіресе, жас буынның жігері, саф өнерге деген риясыз көзқарасы бекзат өнерді алға оздыратынына сенемін.

– Өзіңізге мәлім, айтыс көпбағытты. Құлмамбет, бәдік, қыз бен жігіт, жұмбақ айтыс секілді сан алуан түрі бар. Бүгінде айтыстың өзге бағытының кенже қалуына не себеп?

– Қазір сүре және қыз бен жігіт айтысы танымал. Бұл көрерменнің талғам таразысының нәтижесі болар. Әйтпесе, айтыстың өзге бағытын шашау шығармай халыққа жеткізе алатын ақындар жетерлік. Кезінде Серік Қалиев, Бекұзақ Тәңірбергенов сынды маркасқалар түрлі жанрды жандандырды. Оған халық куә.

Дегенмен заман озды, уақыт өтті. Сұраныс аз болған жерде өнер ақсайды. Сондықтан айтыстың өзге саласының кенже қалуының бірден-бір себебі көрермен жоқтығынан дер едім.

– Ұзақ жыл журналистика саласында еңбек еттіңіз. Ақындық пен тілшіліктің нендей ұқсастығы бар?

– Журналистика мен ақындықтың ұқсастығы – ортақ мүдде жолындағы қызмет. Себебі қос тарап та қоғамның мұн-мұқтажын көтеріп, оның шешілуіне ықпал етеді. Екеуі де сөз майданының жауынгерлері іспетті. Ұлттық мемлекеттік бағыттағы ой кеңістіктің еркін қырандары. Үнімен халықты оятуға, қоғамдық ой-сананы қалыптастыруға жетелейді. Ақындар өлеңмен бұқараның сөзін айтса, тілшілер ақпаратымен халық көзін ашады.

– Аймақтағы шығармашыл жастарды қолдау көңіліңізден шыға ма?

– Бүгінде жастарды жан-жақты қолдау жөнге келді деуге болатындай. Оны өнер саласынан-ақ аңғару қиын емес. Мысалы, біздің кезімізде оқушылар айтысы дегенді көп естімейтінбіз. Болса, некен-саяқ. Ал қазір әр өңірде оқушылар айтысы ұйымдастырылып, арнайы үйірмелер жұмыс істейді. Әр ауданда жастар белсенді, өзіндік ой-пікірін ашық білдіруге құмар. Яғни, еркіндік сезіледі.

Аймақта да мұндай жұмыс жалғасын табуда. Жастар айтысын айтапағанда, ұлттық дәстүрді, экономикалық ілгерілеуді дәріптеген шаралар легі толастаған емес. Сондықтан жастар мәселесі мемлекеттің басты назарында. Оларға мемлекет тарапынан көрсетілер қолдау да ерекше. Біршама уақыт бұрын «Сыр жастары» сынды жеңілдетілген ипотекалық бағдарламасы және қаладағы бос жұмыс орындарын ұйымдастыру ісі қолға алынды. Осы сынды жүйелі жұмыстар мәдениетті ғана емес, шығармашылық жастарды қолдауға таптырмыс мүмкіндік екені даусыз.

Сұхбаттасқан Ерген ЯКУДАЕВ

Адал қызметтегі анықтаушы—Батырхан

Ішкі істер органдары құрылымында анықтау қызметінің маңызы зор. Қылмыстық істерді уақытылы әрі толық тергеп-тексеріп, кінәлі тұлғаларды әшкерелеп, келтірген шығынды өндіру үшін шаралар қабылдайтын бұл қызмет иелері заңдылық пен құқықтық тәртіптің нығаюына зор үлестерін қосуда.

Өзіне артылған жауапкершілікті атқарып, ел алғысына ие болып жүрген жандардың көптігі қуанышка бөлейді. Қызмет бабында абырой биігінен көрініп жүрген сондай қызметкердің бірі Қызылорда қалалық Полиция басқармасының анықтау бөлімінің анықтаушысы, полиция капитаны – Жандұллаев Батырхан Сәкенұлы.

Батырхан Сәкенұлы 1994 жылы 11 сәуірде Қызылорда қаласында



дүниеге келген. 2016 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде білім алып қызметтік жолын 2018 жылы Қызылорда қаласы Полиция басқармасының жергілікті

полиция қызметі бөлімінің учаскелік инспекторы қызметінен бастаған. ҚР Президентінің халыққа Жолдауын жүзеге асыру шеңберінде «жұртқа жакын полиция» қағидатын негізге ала отырып, аймақта тыныштығын қамтамасыз етіп, құқық бұзушылықтың алдын алып, халықпен тығыз қарым - қатынаста еңбек етуде. Батырхан Сәкенұлы өзінің қызметіне адал, әрбір тіркелген қылмысқа заң шеңберінде құқықтық баға беріп, халықтың алғысына бөленіп жүрген анықтаушы. Өз кезегінде 2023 жылдың 3 ай қорытындысы бойынша жоғары жетістіктерге қол жеткізгені үшін Қызылорда облысы Полиция департаментінің «грамотасымен» марапатталған.

Нәтижелі еңбегі еленіп «Қазақстан полициясының құрылғанына – 30 жыл» «Ішкі істер органдарының Үздігі» төсбелгісімен, департамент, басқарма бастықтарының «алғыс» хатымен бірнеше мәрте марапатталған.

Батырхан қызметте білікті маман, отбасында сүйікті жар, балаларына аяулы әке.

Әріптестерімді кәсіби айтулы мерекемен құттықтаймын. Баршаңызға абыройлы қызмет және зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, ел тыныштығын тілеймін» – дейді полиция капитаны Батырхан Сәкенұлы.

Қызылорда қаласы ІІБ баспасөз қызметі



ЫНТА БОЛСА ЖҰМЫС КӨП

Қазір жұмыс жоқ деп қол қусырып отыратын заман емес. Халықтың табысы да төмендеп кетті. Оның үстіне базардағы азық-түлік бағасы да шарықтап, қарапайым халықты дінкелетіп барады. Заманауи күн көріс көзіне айналған жана жұмысқа да жұрт төселе бастады. Айналада болып жатқан оқиғаларға бейжай қарамай, бақылап отырамыз. Көрішіміз жап-жас келіншек еді. Қырыққа жакындап қалған әйелдің екі жыл бұрын күйеуі қайтыс болды. Содан 5 баласымен жесір қалған әйел екі қолға жұмыс таппай сенделіп жүрді. Бір күндері таңертең әлгі әйелді бір көлік мінгізіп алып бара жатты. Қандай жұмысқа тұрды екен деп қызықтаймын ғой, сөйтсем оның айтқаны «жұмыс таппай бармаған жерім, баспаған тауым қалмады. Іздестіріп жүріп, бір байдың асханасына тамақ пісіріп беруге жалдандым. Күніне 3-4 мың береді. Әлгі екі қабатты еңселі үйде 3-ақ адам тұрады. Үшеуіне үш түрлі тамақ, үш түрлі салат, пісіретін тәттілерім бар азаннан кешке дейін асханада ас пісіремін. Менің күнделікті шаруам сол. Ал үй жинап тазалықпен айналысатын бөлек адам. Бірақ үйдің иесін танымаймын. Әйтеуір бір дөкей шығар

деп ойлаймын. Бізді оларға көрсетпейді. Жатқан бір күпия. Бізге тынымызды берсе соған мәзбіз. Кешке жеңіл көлікпен үйге әкеп тастайды, азаңда алып кетеді. Шаруам бар деп сұрансаң оған да келісе қояды. Әйтеуір жалдаған қожайындардың көңілінен шыққан секілдімін. Менен айырылғысы келмейді. Мамандығым аспаз болған соң маған бұл жұмыс қиындық тудырмайды. Маған шиештей балаларымды жеткізуім керек қой, апа» дейді. Шынында, айтқан сөзінің жаны бар. Қарап отыратын заман емес. Реті келсе осылай да жан бағатын отбасылар бар екен. Тіпті бар деген бос сөз. Күннен-күнге көбейіп барады. Азғана өмірде алшаң басып жүргісі келеді ғой. Бұл бір жағынан қазақеңнің байығанының да көрінісі шығар деп ішіміз жылып та қалады. Қарапайым жұртқа бұл кәдімгідей табыс көзі.

Кезінде Америкада тұратын бір адам бақуатты кісі болса да қызық мінездің иесі болыпты. Оның екі ұлы бар екен. Әлгі бай балаларын «кеңбекке баулу» үшін 14 жасар ұлын вагонға жүк тиеуші, 8 жасар ұлын көшеге аяқкіім тазалаушы етіп отырғызып қояды.

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ	Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009) Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023) Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022) Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021) Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтініді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68 Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А. Таралымы 2959 Тапсырыс №944
---	--	--	---	---

Нөмірдің кезекші редакторы Гаухар ҚОЖАХМЕТОВА